

КЕЛЕШЕККЕ - КЕМЕЛ БІЛІММЕН!



БІЛІК



www.psu.kz

ГАЗЕТ 2001 ЖЫЛДЫҢ 2 СӘУІРНЕН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті

30 маусым
қоян жылы, 2011
№ 6 (128)

ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛИСТЕР!


Ұлт ұстазы Ахаң «Газет халықтың көзі, құлағы нәм тілі» деп кезінде газетке өзіндік үлкен бір бағасын берген еді. Ал қазіргі таңда барша адамзат баласының күнделікті қажетіне, бізбенен сіз өмір сүріп отырған қоғам өмірінің айнасына айнала білген БАҚ-тың алдағы уақытта да арқалар жүгі аз емес. Бұқара халықтың мол сенімі мен артқан үмітінің нәтижесінде жылдамдық пен шынайылықтың, әділдік пен әсемпаздықтың, символына айналған төртінші билік өкілдері ол журналистер.

Құрметті журналистер! Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, шалқыған шабыт, орамды ой, бұқараның бақытын тілеймін! Шығармашылықтың биік шыңдарын бағындыра беріңіздер!

ПМУ ректоры,
э.ғ.д., профессор
Ерлан АРЫН.

Мамандық таңдауда
қателесіп жүрген
жоқпыз ба?

2
бетте



Біз студенттерімізбен
мақтанамыз!

7
бетте



ЕЛІМНІҢ
МЕРЕЙЛІ
ЖАС
ТҮЛЕКТЕРІ

3
бет

ЖУРНАЛИСТІК
ЗЕРТТЕУ



4
бет

«НҰР ОТАН»
ПАРТИЯСЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ
ҚАБЫЛДАУ
БӨЛМЕСІ
АШЫЛДЫ

9
бет

КРЕДИТЫ
СТАНОВЯТСЯ
ЕЩЁ ДОСТУПНЕЕ!

ЦЕСНАБАНК

12
бет

Мектеп қабырғасындағы балғын күндерді өткен күннің еншісіне риясыз пәктігімен қалдырып, үлкен өмірге аяқ басқалы тұрған түлектер мен ата-аналардың алдында үлкен міндет пен жауапкершілік тұр. Ол әр жас өзінің болашақ өмірінің ажырамас серігі боларлық мамандығын жаңылмай тауып, жарқын болашаққа бет алуы. Осы орайда Жүсіпбек Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ. Бірақ, оның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, бұл үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деп ой түйінінен-ақ, қазақ ешқашан да мамандық таңдауға бей – жай қарамағандығын аңғару қиын емес. Бұл тұжырым XIX ғасырдағы қазақ жастарының мамандық таңдауындағы түйіні. Ал, бүгінгі жастар мамандық таңдауда жалтақтыққа бой үйретіп бара жатқан жоқ па?

Әрбір ата-ана баласының биік белестерді бағындырып, жоғары жетістіктерге жеткенін, сонымен қатар жақсы бір мамандық иесі болғанын арман етеді. Мәселен бала тілі енді шығып, құлындай құлдыраңдап жүрген шағынан бастап – сен бастық боласың, сен депутат, министр, дәрігер, мұғалім, әнші деген сияқты жақсы мамандықтарды жанына серік етіп өсіреді. Алайда әр адамның қыры мен ебі әр түрлі екенін естен шығарып алып жатамыз.



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ҚАТЕЛЕСІП ЖҮРГЕН ЖОҚПЫЗ БА?

Қалай дегенмен де бала өсе келе өз арнасымен, жанына жақын істерімен шұғылданады. Бұл тек көбіне мектеп қабырғасында ғана қалып жатады. Ал оқуын бітіріп үлкен өмірге аяқ басар шақта бүгінгі таңдағы жастар мен ата-ана санасын баласының икеміне қарай мамандық таңдау емес, грантпен кез келген оқуға түсу, иә болмаса үлкендер таңдаған мамандықты баланың жаны қаламаса да, сол таңдау бойынша жүру баршамыздың жадымызға сіңіп қалған тәрізді. Қалайда үлкендердің тілегін орындап балалық арманы мен жан қалауынан ажырап кетіп жатқан жастар біздің қоғамда тым көп. Сіздің таңдауыңызбен оқуға түскен балаңыз оқуын жол ортада тастап, немесе дипломын қолына алғаннан кейін бұл маған қол емес деп жатса таңданбаңыз. Себебі бұл өмірдегі балаңыздың таңдауы.

Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, жар таңдап, отау құру, сөйтіп жұрт қатарына енуімен өзектесіп жататын мәселенің бірі мамандық таңдаудың да адам өмірінде маңыздылығы жоғары екенін сөз басында тілге тиек еттік. Көз салып айналаңызға бір қараңыз дипломы қалтасында бірақ онымен қызмет етіп қызығына кенеліп, талай жыл маңдай терін төгіп оқыған білімінің жемісін жеудің орынына өзінің жан қалауымен басқа салада қызмет етіп немесе өзінің бала арманына жетер жолда жүр. Ал кейбіріміз ата-анамыз, аға-әпкелеріміз таңдап берген мамандықты оқуды өзімізге міндет деп қараймыз. Біздің негізгі қателігімізде осында.

Сабақты иен сәтімен деп халқымыз тегіннен – тегін айтпаса керек-ті. Көтерген тақырыбымызға орай өңіріміздегі беделді де белгілі жоғарғы оқу орыны С.Торайғыров

атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор Ерлан Мұхтарұлы Арын мырзамен тілдесудің сәті түсті. Ерлан Мұхтарұлының айтуынша: «Біз, ата-аналар балаларымызға ағыт бере алмаймыз. Біз бала бақшада жүрген «космонавт» болам дейтінбіз. Ал қазіргі балалардың мектеп бітірер кездегі ойы сол кездегі біздің бірінші сыныптағы ойымызбен бірдей. Және де жастар ойланбайды. Мамандықты таңдап білмейді. Мамандық деген бар, таңдау деген бар. Ал, оны оқуға түсетін бала білмейді. Кешіріңіз олар білуге тиісті. Энергетик деген мамандықты алып қараңыз. Ол тек бір мамандық қана емес. Сол мамандықтың ішінде қаншама түрлері бар. Ал оны ешкімде біле бермейді. Соны жастарға жеттік білдіру үшін арнайы орталықтар ашылуы керек. Жастарға мамандық бойынша бағыт беретін. Ата-аналардың шамасы жетпей жатыр, ал ұстаздар оның функциясын қоғамдай алмай жатыр. Қайдан? Ауылда отырып математикадан беретін мұғалім инженер туралы еш хабары жоқ. сондықтан тағыда айтамын арнайы орталығы болуы керек. Егер бізге келіп балаларымызға мамандықтар жайлы кеңес беріңіздер, ашық сабақтар өткізіңіздер десе біз қуана келісеміз. Сондай ақ интернеттен де қосымша сайттар ашуға болар еді. Төменгі балмен грантқа түседі. Бірақ одан мұғалім шықпайды. Жастар өз бітірген мамандығы бойынша жұмыс жасамайды. Міне бүгінгі күннің ең үлкен қорқынышы» деп сөзін түйді.

Иә, кез келген мамандық адамның жан сұлулығын, үлкен махаббатын талап етеді. Ендеше маман-дығымызға тек күнделікті күйбең тірліктің табыс көзі немесе қажеттілік пен міндет ретінде қарамайық.

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ.

АТАУЛЫ ШӘКІРТАҚЫ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Бүгінде оқу үлгерімі жақсы, ынтымағы деген студенттің айлық шәкіртақысы 15000 теңге шамасында. Күнделікті жүріп-тұру мен қарапайым күнкөрістік бағамдармен шамаласақ, бұл әрине жетімсізгеу. Осыдан білім құған студенттің еріксіз тіршілік соқасына жегіліп, қосымша қаржы көзін іздеуден басқа амалы қалмайды. Біреу күзетші болса, біреуі ресторан, кафе жағалап даяшы болады. Болашақ мамандар осылайша түн қатып жүріп, тыын-тебен табады.

Бірақ студент қауымының көбі атаулы шәкіртақылардың бар екенін білмейді. Бұл – жүргізілген сауалнаманың нәтижесі. Білген жағдайдың өзінде де оған сенімсіздік білдіріп, құжат жинауға құлықсыздық танытады. Ендеше студент жастарға кең ақпарат беру мақсатында атаулы шәкіртақы тақырыбына кеңірек тоқталмақпыз.

АТАУЛЫ ШӘКІРТАҚЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Атаулы шәкіртақы ғылымға ден қойған үлгерімі жақсы, қоғамдық өмірге белсенді кіріскен 3, 4-курс студенттеріне, сондай-ақ, оқу магистранттарына бір оқу жылы мөлшеріне, яғни 10 айлық мерзімге тағайындалады. Атаулы шәкіртақаның сомалық жағына келетін болсақ, қаржылық тұрғыда студенттің орташа шәкіртақысынан (15000 теңгеден) екі есе жоғары. Атаулы стипендиялар университет Ғылыми кеңесінің шешімімен конкурстық негізде бекітіледі.

ТҮРЛЕРІ

Атаулы шәкіртақылардың бірнеше түрі бар.

- Қазақстан Республикасы Президенті тағайындайтын стипендия.

- Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі тағайындайтын стипендия. Бұл ішінара үшке бөлінеді: Әл-Фараби атындағы, С.Торайғыров атындағы, Ш.Уәлиханов атындағы стипендиялар;

- С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің атаулы стипендиясы. Ол жыл сайын тоғыз студентке тағайындалады;

Сондай-ақ, жыл сайын Мәшһүр-Жүсіп, Ә. Марғұлан, Қ. Сәтбаев, Ә. Бектұров, Ш. Шөкин, Е. Эпикетов, И. Байзақов атындағы шәкіртақылар тағайындалып отырады. Ал ПМУ-дің атаулы стипендиясының ерекшелігі, мемлекеттік стипендияға үстеме ретінде қосылып бірге беріледі.

ҚҰЖАТТАР МЕН ТАЛАПТАР

Атаулы стипендиялар университет Ғылыми кеңесінің шешімімен конкурстық негізде бекітілетінін жоғарыда айттық. Сондықтан конкурсқа қатысу үшін, бірқатар талаптарды орындап, құжаттар тапсыру қажет.

Стипендия алуға үміткерлерге қойылатын талаптар жайлы айтатын болсақ, жалпы конкурсқа 35 жасқа дейінгі С.Торайғыров атындағы ПМУ-да оқитын немесе еңбек ететін тұлғалар қатыса алады. Атаулы стипендияға кандидаттардың үлгерім бағаларының орташа балы сынақ кітапшасына немесе дипломның қосымшасына сәйкес 4,75-тен кем болмауы тиіс. Сонымен қатар, қоғамдық, спорттық, мәдени-бұқаралық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысқан жағдайда олар жинақ басы-



лымдарымен, авторлық куәліктермен, тезистермен, баяндамалармен, дипломдармен, мадақтау қағаздарымен расталуы керек. Ал конкурстық комиссияға төмендегі құжаттар қажет:

- жеке куәліктің, Төлеушінің тіркеу нөмірі, әлеуметтік жеке код беру туралы куәлік (РНН, СИК) көшірмелері;
- мінездеме;
- кеңес отырысында бекітілген Торайғыров атындағы ПМУ-дың факультет Кеңесінің дәлелді өтініші;
- дипломның қосымшасы немесе сынақ кітапшасының көшірмесі (1-2 курстағы, студенттік кадрлар бөлімімен куәландырылған);
- орташа балы туралы анықтама;
- университеттің ғылыми хатшысы куәландырып басылымдар тізімі (авторлық куәліктер, баяндама тезистері, ғылыми және әдістемелік еңбектер);
- дипломдардың түрлі конкурстар мен жарыстардың және т.б. көшірмелері.

Бір ескертелігі, егер шәкіртақы иегері оқу үлгерімін төмендетіп, сессияны «2», «3» деген бағамен аяқтайтын болса, академиялық демалыс алып не басқа ЖОО-ға ауысса немесе оқу ордасындағы этикалық, моральдық норманы өрескел бұзып оқудан шығарылса, стипендия берілмейтін болады.

ПАЙДАСЫ

Атаулы стипендиялар қаржылай жағынан қолдау ғана болмай, ең алдымен білім мен ғылым жолындағы адамға ынта, жігер, рух сыйлайды. Болашақта қызметтік дәрежеге тиер септігі мол. Резюмеде жазылған жағдайда, жұмыс беруші атаулы стипендияның иегерін баса назарға алады. Өйткені аталмыш шәкіртақыға мыңнан тұлпар мен жүзден жүйріктің ғана қол жетеді.

Салтанат НЫСАНБЕКОВА.

ТӘТТІ АРМАНЫМА ҚОЛ СОЗАМЫН

Әсия Нысанбекова, түлек:

Мен биылғы жылдың түлегімін. Оқуымды тәмамдап, ең үлкен сынақ Ұлттық бірыңғай тестілеуден өттім. Бала күнгі арманым ақ халатты абзал жандар қатарында халыққа қызмет ету болатын. Міне, бүгінде сол тәтті арманымға қол созып, медицина саласына түсемін деп жоспарлап отырмын. Болашақта мықты дәрігер болып, адамдарды емдеп, дертін жазатын жолдарды тапқым келеді. Менің барлық шешімдерім мен таңдауыма ата-анам тек қолдау көрсетіп, қалаған мамандығыма түсуіме жол ашып отыр.

ГРАНТ ҮШІН ТАҢДАУЫМ БАСҚАҒА ТҮСТІ

Айгерім Қабыкенова, студент:

Мен 2008 жылы мектеп түлегі атанып алдымда тапталмаған, басталмаған жаңа жол жаттты. Бұл жолды қалай бастау менің ҰБТ-ны тапсыруыма байланысты болатын. Сүрінбейтін тұяқ жоқ қой, ҰБТ-ны өзім және туғандарым күткендей жоғары деңгейде тапсыра алмадым. Енді алдымнан 2 таңдау шықты бірі өзім қалаған қазақ филологиясына ақылы түсіп тағы әке-шешемнің мойнына жүк арту, немесе орыс филологиясында мемлекеттік грант бойынша және шәкіртақы алып оқу. Таңдау екіншісіне түсті. Себебі грантпен оқуға түсем бірінші ата-анам салмақ түсірмеймін, екіншісі менде өзгешеліктер тәрізді шәкіртақы алып өз қажетіме жұмсаймын. Бұл таңдауыма осы күнге дейін еш өкінген емеспін.

Әр жылы мектеп бітірген түлектердің алдында көптеген таңдау тұрады, бірақ сол таңдауды дұрыс таңдай алмай жатамыз. Осы орайда арманның ақ тұлпарын ерттеп мініп, үлкен өмірге қадам басқалы отырған әрбір жанға Абайдың «Өзің сен, өзіңді алып шығар, Ақылы мен еңбегің екі жақтап...» деген өлең жолдарын жандарыңа серік етіңдер дегім келеді.

Болашақ келбеті

3



БУДУЩАЯ «ХОЗЯЙКА» ЛЕСА

У обаятельной Кырмызы очень серьезная и важная специальность – ей, как и ее сокурсникам, предстоит заботиться о наших лесах. Сегодня у нее – праздник, в руках – цветы и новенький диплом о высшем образовании. А впереди – трудовые будни. Может, если таких девушек в лесном хозяйстве будет больше, то и порядок наладится...

Кырмызы Тапенова:

«Лесное хозяйство» – одна из самых молодых специальностей, по которым готовят в нашем вузе. Когда я приехала в Павлодар из с.Каратерек Майского района, то уже знала: буду учиться по этой специальности именно в госуниверситете на агротехнологическом факультете. В нашем районе большие лесные массивы, красивая природа, и я, уверена, мои знания пойдут на пользу родной земли.

ЕЛІМНІҢ МЕРЕЙЛІ ЖАС ТҮЛЕКТЕРІ

Адам өмірге келгеннен бастап көптеген қызықты оқиғаларды бастан кешіреді. Осындай қызықтар қатарына мектеп табалдырығын аттау, қарлығаш болып алтын ұя мектептен ұшу, абитуриент соңынан студент атану атты өмір баспалдағының оқиғалары жатады. 4 жылдық студенттік шақтың қиын да қызықты кезеңдерін өткізіп, Қазақстан Республикасының 20 жылдығына орайластырылған С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің металлургия, машинажасау және көлік факультетінде «Елімнің мерейлі жас түлектері» атты диплом беру салтанатты жиыны болып, кешегі студенттер диплом алып жас маман атанды.

«Биылғы оқу жылында біздің факультетті 300-ге тарта студент бітіргелі отыр. Осы 300-ге тарта студентіміз күндізгі бөлімнің студенті ғана емес, іштерінде сырттай бөлімде оқитын студенттер де бар. Олардың арасында 10 студентіміз қызыл диплом алады. Бүгінгі жас мамандар алып жатқан мамандық ең үздік 5-ке кіреді және де бүгінгі таңда қажет мамандардың қатарына жатады. Бүгінгі бітіріп жатқан студенттердің арасында 25% жұмыспен қамтамасыз етілген. Біздің мамандықтар бойынша 240 жоғарғы оқу орны мамандар дайындайды. Ал, біздің университетті 10 жыл ішінде бітіргендердің ішінде 3 доцент, Қазақстанның экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын зауыттарда жоғары дәрежеде істейтін студенттер бар. Кешегі студенттер, бүгінгі жас мамандарға ақ жол, биік шыңдар



және де жемісті еңбек тілеймін» – деді өз сөзінде металлургия, машинажасау және көлік факультетінің деканы Төлеуғазы Төкілұлы.

Емтихандар, мемлекеттік емтихандар, дипломдық жұмыстарды қорғау атты сынақтардан сүрінбей өткен студенттердің бүгінгі қуаныштарында шек жоқ. 4 жылдық еңбектерінің жемісі ретінде көптен күткен дипломдарын алды. Осы факультеттің ұстаздарының айтуынша, 2011 жылдың түлектері соңғы жылдардың ішінде ең күшті, ұйымшыл, мықты, жігерлі түлектердің қатарына жатады.

БОРТЫБАЙ Нұрзатты:

Мен мектеп бітіргенде көп ойлы болдым. Ойлана, ата-анаммен ақылдаса келе С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің металлургия, машинажасау және көлік факультетіне оқуға түсуге бел байладым. Мамандығым ауыр болғанмен, қызықты. Қызығы мен шығығы мол студенттік шақ қас қағымда өте шықты. Осындай кезде қасымызда болып, қол ұштарын берген Раиса мен Жанар апайларға алғысымды білдіремін.

ГАБДУЛЛИНА Анар:

Мен мектеп бітірген жылы осы университетке оқуға түсем деп алдыма мақсат қойдым. Сол мақсатқа жетіп осы университеттің студенті атандым, енді міне, осы университеттен жас маман болып шығып отырмын. Осы университетте көптеген қызықты шақтарым өтті. 4 жыл көзді ашып жұмғанша өте шықты. Өз басым бізге сабақ беріп, білім нәрімен сусындатқан барлық ұстаздарға айтар алғысым шексіз. Біз сияқты студенттері көп болсын!

Нұрсулу ИСАБЕКОВА.

В ПОИСКАХ БЕЛОВОДЬЯ



Кто сказал, что летом студенты отдыхают? Те, кому хочется новых впечатлений, отправляются в дорогу. Кто-то едет в составе бойцов СМТО, другие в составе ежегодной экспедиции «Олкетану» по городам и весям страны, третий – на археологические работы. А студенты-филологи второй год подряд отправляются за фольклором в места первозданной красоты – Катон-Карагай. Там живут потомки старообрядцев, которые обрели на казахской земле свое Беловодье...

В селах Коробиха и Сенное Катон-Карагайского района Восточно-Казахстанской области прошла фольклорная, диалектологическая и социолингвистическая практика будущих филологов. Как признаются сами участники экспедиции, их поразило богатство школьного краеведческого музея. Здесь любовно собраны и хранятся предметы старины: иконы, кросна, наряд старообрядцев, вышитые полотенца и салфетки, занавески, утварь и т.д. Теперь в гостевой книге этого уникального музея имена и наших студентов.

Они узнали много нового – и познавательного, и поучительного. Истории жизней и судеб жителей села вызывали и слезы сопереживания, когда рассказывали о годах войны и голоде, и слезы восхищения, когда потомки старообрядцев проговаривали древний заговор от болезни или пели старую, «тятину», песню. В рамках экспедиции был собран интересный материал – устные рассказы об истории села, о местных знахарях, примеры и поверья, топонимические предания и легенды, сказки, этнографические сведения о народных промыслах, кухне, народной медицине, песни и частушки, детский фольклор.

Наши девушки научились месить тесто, как делали это в старину, и даже сами запекали хлеб.

Пейзаж, окружающий село, как картина, созданная Всевышним. Это действительно уникальный район, не только Казахстана, но и всей Центральной Азии. Горные пики, вершины, покрытые снегами, чарующие леса, быстрые реки, яркие полевые цветы – все это навсегда осталось в сердцах искателей фольклора. Не зря на этой земле поселились те, кто искал гармонии души с природой.

Село Коробиха – талантливое и памятное. Здесь почти каждый – и стар, и млад – поет, сочиняет частушки, стихи и прозу, здесь умеют красиво говорить и дать мудрые советы. Здесь поют песни, в которых хранится живая душа народа! Жди нас, Беловодье, мы вернемся в следующем году. Ведь живой и образной народной речи остается так же мало, как таких первозданных уголков природы... А пока мы разберем свои рюкзаки и будем искать единомышленников, чтобы бесценные видеоматериалы, отснятые на десятки кассет, стали фильмом о казахстанском Беловодье...





ҚАЗАҚТЫҚ ҚАСИЕТІМІЗДІ САҚТАУ УАҚЫТ СЫНЫ

САУАЛНАМА

Сіз патриотсыз ба?

Нурсулу ИСАБЕКОВА.



С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

– бұл көп салалы жоғарғы оқу орны. Мемлекеттік және орыс тілінде әр түрлі бағытты жоғарғы кәсіби білімді күндізгі және сырттай оқу бөлімінде, толық (жалпы, орта білім беру негізінде) және қысқартылған (орта кәсіптік және жоғары білім негізінде) оқу бағдарламаларымен, сонымен қатар 9–шы және 11–шы сыныптан кейін орта кәсіптік білім беретін мамандарды дайындайды. Университет құрамындағы 9 факультет жұмыс істейді:

- ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
- ГУМАНИТАРЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
- ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ
- ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
- АГРОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
- ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
- АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС ФАКУЛЬТЕТІ
- МЕТАЛЛУРГИЯ, МАШИНА ЖАСАУ ЖӘНЕ КӨЛІК ФАКУЛЬТЕТІ
- ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

№	Шифр	Мамандықтар атауы	Мамандану атауы	Мамандыққа бейімдейтін пән	Тест сынағы өтетін 4-ші пән
1	5B010300	Педагогика және психология		Биология	Биология
2	5B010600	Музыкалық білім		1-ші шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
3	5B010700	Бейнелеу өнері және сызу		1-ші шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
4	5B010800	Денешынықтыру және спорт	Денешынықтыру және спорт	1-ші шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
5	5B011400	Тарих		Дүние жүзілік тарих	Дүние жүзілік тарих
6	5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті		Қазақ тілі	Қазақ әдебиеті
7	5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті		Орыс тілі	Орыс әдебиеті
8	5B011900	Шет тілі: екі шет тіл	Ағылшын тілі Неміс тілі	Шет тілі	Шет тілі
9	5B012000	Кәсіптік білім	Кәсіпкерлік және еңбек технологиясы Өндірістік кәсіпорын (сала бойынша): - құрылыс; - тамақ өнімдері өндірісі; - машина жасау өндірісі; - металлургия өндірісі; - өнеркәсіп өндірісі және қоршаған ортаны қорғау. Қызмет көрсету өндірісі (сала бойынша): - ақпараттық технологиялар.	Математика	Физика
10	5B020300	Тарих		Дүние жүзілік тарих	Дүние жүзілік тарих
11	5B020400	Мәдениеттану		Қазақстан тарихы	Дүние жүзілік тарих
12	5B020500	Филология: қазақ тілі Филология: орыс тілі		Қазақ тілі Орыс тілі	Қазақ әдебиеті Орыс әдебиеті
13	5B020700	Аударма ісі	Орысша-қазақша аудармашы Ағылшын тілі Неміс тілі	Шетел тілі	Шетел тілі
14	5B021000	Шетел филологиясы: ағылшын тілі	Ағылшын тілі Неміс тілі	Ағылшын тілі	Ағылшын тілі
15	5B030100	Құқықтану		Дүние жүзілік тарих	Дүние жүзілік тарих
16	5B040200	Аспапта орындаушылық	Шекті аспаптар Үрлемелі және ұрмалы аспаптар Фортепиано	1-ші шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
17	5B042000	Сәулет	Ұйлер және қоғамдық ғимараттардың сәулеті	1-ші шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
18	5B042100	Дизайн	Сәулеттік дизайн Өнеркәсіптік дизайн Графикалық дизайн	1-ші шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
19	5B050200	Саясаттану		Қазақстан тарихы	Дүние жүзілік тарих
20	5B050300	Психология	Өртүрлі халық жіктеріне арналған дәрігерлік-психологиялық қызмет көрсету Практикалық психолог	Биология	Биология
21	5B050400	Журналистика		1-ші шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
22	5B050600	Экономика		Математика	География
23	5B050700	Менеджмент		Математика	География
24	5B050800	Есеп және аудит		Математика	География
25	5B050900	Қаржы		Математика	География
26	5B051000	Мемлекеттік және жергілікті басқару		Математика	География
27	5B060100	Математика	Ақтуарды математика	Математика	Физика
28	5B060200	Информатика		Математика	Физика
29	5B060400	Физика		Физика	Физика
30	5B060700	Биология		Биология	Биология
31	5B060800	Экология		Биология	Биология
32	5B060900	География		География	География
33	5B070100	Биотехнология	Азық-түлік биотехнологиясы Ауылшаруашылық биотехнологиясы	Биология	Биология
34	5B070200	Автоматтандыру және басқару	Басқару жүйелерін автоматтандыру және информатизациялау Технологиялық процесстерді автоматтандыру	Математика	Физика

35	5B070300	Ақпараттық жүйелер	Экономикадағы ақпараттық жүйелер Инженерлік қызметтегі ақпараттық жүйелер Юриспруденциядағы ақпараттық жүйелер Білімдегі ақпараттық жүйелер	Математика	Физика
36	5B070400	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету		Математика	Физика
37	5B070800	Мұнай-газ ісі		Математика	Физика
38	5B070900	Металлургия	Қатты металлургия Сұйық металлургия (қара) Сұйық металлургия (түсті)	Математика	Физика
39	5B071200	Машина жасау		Математика	Физика
40	5B071300	Көлік, көлік техникасы және технологиялары	Автомобиль және трактор жасау Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы Вагондар және вагон шаруашылығы Локомотивтерді пайдалану және жөндеу	Математика	Физика
41	5B071600	Аспапжасау		Математика	Физика
42	5B071700	Жылу энергетикасы	Жылу электр станциялары Өнеркәсіптік жылу энергетикасы	Математика	Физика
43	5B071800	Электрэнергетикасы	Электр станциялары Электрэнергетикалық жүйелер мен тораптар Электрмен жабдықтау (салалар бойынша) Электржүйесі және автоматтандыру	Математика	Физика
44	5B071900	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	Телекоммуникациялар	Математика	Физика
45	5B072000	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы		Химия	Химия
46	5B072100	Органикалық заттардың химиялық технологиясы		Химия	Химия
47	5B072400	Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)		Физика	Физика
48	5B072700	Азық-түлік тағамдары технологиясы	Тамақ өнімдері және қоғамдық тамақтандырудағы сервис Ет және балық өнімдерінің технологиясы Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы	Химия	Химия
49	5B072900	Құрылыс	Үйлер мен ғимараттарды есептеу және жобалау Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс технологиясы	Математика	Физика
50	5B073000	Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру		Математика	Физика
51	5B073100	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі		Математика	Физика
52	5B073200	Стандарттау, метрология және сертификаттау (сала бойынша)		Математика	Физика
53	5B074500	Көлік құрылысы	Темір жол құрылысы Аэродромдардың және автомобильдік жолдардың құрылысы	Математика	Физика
54	5B080100	Агрономия		Биология	Биология
55	5B080200	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы		Биология	Биология
56	5B080700	Орман ресурстары және орман шаруашылығы		География	География
57	5B090100	Көлікті пайдалану және жок қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	Автомобильді көлікте тасымалдауды ұйымдастыру Жол қозғалысын ұйымдастыру Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру	Математика	Физика
58	5B090200	Туризм		География	География
59	5B090500	Әлеуметтік жұмыс	Өртүрлі категория тұрғындарына әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету Әкімшілік және әлеуметтік жұмыс менеджменті	География	География
60	5B091000	Кітапхана ісі		Әдебиет	Әдебиет

Ауыл квотасы бар мамандықтар

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

140008 Павлодар қ., Ломов к., 64, 132а каб.
тел. (8-7182) 67-37-73 – Қабылдау комиссиясы
140008 Павлодар қ., Ак. Шокин атындағы к., 139, 202 каб.
тел. (8-7182) 67-36-50 – Дайындық курстары

Біздегі мүмкіндіктер

6

ДЛЯ ХИМИКОВ ВСЕГДА НАЙДЕТСЯ ДЕЛО В НАШЕМ ГОРОДЕ

Таковыми словами встретили нас преподаватели нашего родного вуза, на тот момент Казахского государственного технического университета. Благодаря энтузиазму, энергичности, можно сказать, одержимости, заведующей кафедрой Щетиной Тамары Викторовны в 1993 г. в Павлодаре открылись новые специальности: «Химическая технология неорганических веществ» и «Химическая технология органических веществ».



В такое сложное время, когда огромная страна «трещала по швам», рушились все связи между промышленными гигантами, разбросанными в разных республиках, наши педагоги не только не опустили руки, они и нас, поставили на ноги. Сейчас семья выпускников-химиков-технологов насчитывает около 800 человек.

Несмотря на все экономические потрясения, мы доучились и защитили первые дипломные проекты по глиноземному производству, по нефтеперерабатывающему и химическому заводу, на тот момент переживающему не самые лучшие времена.

Многих преподавателей так и хочется назвать «эксклюзивными». Ради нас они оставляли свои производственные дела, открывали нам глаза на вопросы технологии химических производств. Замечательные лекции Малькова Игоря Викторовича, Солнышковой Ванды Константиновны сменялись практикой у Жапаргазиновой Кульшат Хайруллаевны - задачи, формулы, расчеты, справочники..., а вот и лабораторная работа, а это значит, будет новый синтез - из совершенно неинтересных ве-

ществ мы «насинтезируем» такое что-то новое, с таким «чудным» запахом, а там и аналитика у Убаськиной Натальи Владимировны: вот вам, пожалуйста смесь неких веществ, извольте дать полный расклад - какие там катионы, анионы, и почему. Благодаря их усилиям мы постигали химическую науку во всей ее полноте.

Особое внимание преподаватели кафедры Яковкина Лариса Никоноровна и Пастух Виктор Петрович уделяли экскурсиям в действующие производственные цеха и лаборатории, старались всех «пристроить» на производственную практику; а практикантов брали неохотно, так как для большинства предприятий будущее представлялось в туманном свете. Но в результате, после практики, многие наши студенты, определились с будущим местом работы, зарекомендовав себя с хорошей стороны.

С момента нашего выпуска минуло тридцать лет. Большинство навсегда связало свою жизнь с наукой химией и химической технологией. Практически все парни нашей группы успешно трудятся на АО «ПНХЗ»,

занимая ответственные должности. Многие реализовались на химическом поприще в странах ближнего и дальнего зарубежья. Другие получили второе высшее образование и продолжают работать на тех же предприятиях, куда пришли в юности, а есть и такие, кто остался на родной кафедре, чтобы продолжить дело своих любимых учителей.

Особые слова благодарности Щетиной Тамаре Викторовне за факультативный курс «Аналитическая химия и технический анализ», организованный ею специально для девушек, чтобы мы смогли успешно работать в лабораториях. В моей каждодневной работе я постоянно возвращаюсь к тем вопросам, которые раскрывала на своих занятиях Тамара Викторовна.

Пусть живут традиции нашей кафедры, и все новые, и новые студенты пройдут «обряд посвящения в химики». Здоровья и долгих лет жизни всем преподавателям.

О. БЕЛИЧЕНКО,
инженер-химик ЦЗЛ-ОТК
АО «Алюминий Казахстана»
Выпуск 1998г.



ТАЛАНТАМ НАДО ПОМОГАТЬ



8 лет назад в университете появилась своя Студенческая филармония. Сегодня ее артистов знают далеко за пределами Павлодарского Прииртышья. Они не только участвуют во всех крупных мероприятиях области, но и достойно представляют регион в Республике. Будущие экологи, инженеры, переводчики, журналисты реализуют свой творческий потенциал на сцене. Многие из тех, кто начинал свою творческую карьеру на студенческой сцене, получают консерваторское образование, играют в театре.

Оркестр казахских народных инструментов им.Естая, студия танца «Ақ ерке», группа современного танца «Джем», вокальная студия «Ертіс жұлдыздары» эти четыре коллектива удостоены звания народного. Студия эстрадной песни «Шабьт», студенческий театр, струнный ансамбль «Ақжелең», вокально-инструментальный ансамбль «Магнит» - эти и другие коллективы также полюбили павлодарцам и гостям нашего города.

Развитию Студенческой филармонии способствует мощная материально-техническая база - от сценических костюмов художественных коллективов до современной звукоусилительной и световой аппаратуры и оснащенного концертного зала на 462 мест. Мы не ищем таланты - мы создаем условия для их огранки!

ПРИЗНАН ЛУЧШИМ!

В число трех лучших музеев вузов Республики наряду с музеями КазНУ им.аль-Фараби и КазГЮА вошел и музейный комплекс ПГУ им.С.Торайгырова. Такое решение принял оргкомитет Международного Форума «Музей как феномен истории и современности», который проходил в рамках празднования 20-летия Независимости в Астане.

Организаторами Форума выступили этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен» и Акимат Астаны. Участниками Форума были представители музеев нашей страны, стран СНГ, Турции. В режиме on-line музеи Казахстана и России представляли свою деятельность по сохранению и преемственности историко-культурного наследия. Культурная программа форума включила в себя также закладку участниками

«Аллеи музееведов», посещение площади «Отан қорғаушылар» и возложение цветов к «Вечному огню», экскурсию в Музей Первого Президента и в Президентский Центр культуры, монумент «Байтерек», Музей современных искусств и «Музей С.Сейфуллина». Форум завершился праздничным фейерверком и концертом, посвященным Международному Дню музеев.

Как отметила директор музейного комплекса университета Г.Х.Рахимжанова, организаторами Форума было отмечено тот факт, что музейный комплекс ПГУ им.С.Торайгырова, представляющий большое разнообразие экспозиций и широкий коллекционный фонд, был создан в сравнительно короткие сроки и является следствием активной политики руководства в сохранении и пропаганде

историко-культурного наследия. Надо отметить, что звание номинации «Лучший музей высшего учебного заведения» оспаривали 27 вузовских музеев

Л.СЕЛИВАНОВА



Жизнь в режиме «REC»!



«Будущее - за IT-технологиями», - считают в университете, и на их развитие средств не жалеют. В семье IT-технологий пришло - с сентября прошлого года в вузе появился свой Центр учебного телевидения с его молодой и амбициозной командой во главе с Асланом Джусуповым.

Солидный видеоархив, видеофильмы, ролики - все это создано нашими операторами, режиссерами и видеоинженером. Радость первых успехов, когда на Международном Форуме, посвященном известному казахстанскому тележурналисту молодая команда Центра заняла первое место за лучший видеоролик, обойдя флагман - КазНУ им.аль-Фараби. Здорово, что видеокамеры и пульта доверили молодым. Ведь телевидение - это динамика и незашоренность взгляда. А этого у молодежи не отнять. И эта команда всегда готова поддержать таких же молодых и дерзких своих сверстников, которые хотели бы снять «ну просто чумовой» сюжет или просто рассказать свою телеверсию событий. Нас найти легко - спросите адрес у будущих журналистов, которые учатся в университете...

Факультет тынысы

7

БІЗ СТУДЕНТТЕРІМІЗБЕН МАҚТАНАМЫЗ!

Күгерин Марат Қырықбайұлы — жылдар бойы еліміздің құрылыс саласына, сәулет өнеріне, ғылымға еңбегі сіңген азаматтардың бірі, техника ғылымдарының докторы, профессор. Бүгінде С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің сәулет-құрылыс факультетінің деканы. «Білімнің құрметті жұмыскері» төс белгісі, «ҚР Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы», «Қазақстанның құрметті құрылысшысы», «С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың ең үздік ғалымы» атақтарының, «Ең үздік инновациялық жоба», «Қ.Сәтбаев атындағы арнайы сыйлық», және тағы басқа да марапаттардың иегері, көптеген ғылыми жұмыстардың, монографиялар мен әдістемелік құралдардың, ғылыми мақалалардың авторы. Марат Қырықбайұлы басқаратын факультет сапалы білімін көрсетіп, жыл сайын түрлі облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстардан бас жүлделерді жеңіп, университет атын еліміздің төрт тарабында ғана емес, шетелдерге де шығарып жүр. Осы орайда факультеттің тыныс-тіршілігімен, тарихымен танысу үшін, Марат ағаны сұхбатқа тартқан болатынбыз.



- Марат Қырықбайұлы, факультеттің құрылған жылы, тарихына қысқаша тоқтала кетсеңіз...

- Осыдан елу жыл бұрын Павлодарда ең алғашқы жоғары оқу ордасы — Индустриалды институт есігін айқара ашты. 1960 жылы институтта үш факультет ашылды: инженер-құрылыс факультеті, машина жасау факультеті және энергетика факультеті. Сол кезде Павлодар облысында өндірістік комплексітер қарқынды даму үстінде болатын. Квалификациясы жоғары мамандар жетіспейтін. Солардың бірі құрылыс инженерлері еді. Инженер-құрылыс факультеті сол 60-ыншы жылдардан бастау алады.

2001 жылы қара шаңырағымызға Ерлан Мұхтарұлы

ды. Жыл сайын облыстық, республикалық студент жастар арасындағы олимпиадаларда, республикалық диплом жобаларының байқауында, кәсіби сәулетшілер мен дизайнерлердің үлкен додаларында қанжығасына тек бірінші орындарды байлайды. Мәселен, 2009 жылы Тұңғыш Президент қоры, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі және Қазақстан дизайнерлер одағының бірлесіп «Қала мен дизайн» атты кәсіби сәулетшілер мен дизайнерлердің жарысын өткізді. Ол ең алғашқы рет ұйымдастырылған болатын. Сонда біздің студенттер «сәулет» бойынша I, II орындарды, «қоғамдық тұрғын үйлер» бойынша I, II орындарды жеңіп алды. 2001-2009

жылы Тұңғыш Президент қоры мен Қазақстан дизайнерлерінің одағының бірлесіп ұйымдастыруымен болған «Қала мен дизайн» атты жарысқа біздің балалар қатысып, Алма Хабдесова деген студентіміз I орынды, Вирицких Варвара II, Иванченко Андрей III орынды жеңіп алды. Мұндай үлкен додада студенттерден басқа, кәсіби сәулетшілер, дизайнерлер қатысатынын ескерсек, бұл біз үшін үлкен жетістік болып табылады.

- Студенттер практиканы қайдан өтеді?
- Біздің университет студенттеріміздің сапалы білім алғаннан кейін, оны тәжірибе жүзінде іске асыру үшін, үлкен фирмалармен келісімшартқа отырған болатын. Мәселен, «Иртыш Трансстрой» ассоциациясы, «Стальмонтаж», «Жердем». Кеңес одағы кезінде практикаға басқа қалаға, тіпті басқа елге барып өтуге мүмкіндік болатын. Мысалы, мен практиканы бір жылдары Челябинде, бір жылдары Мәскеуде, бірде мында Павлодарда өткенмін. Ал

қазіргі кезде ондай жағдай жоқ. Сондықтан соңғы іссапарда Магнитогорлық техникалық мемлекеттік университетімен «Студенттік мобильділік» бағдарламасы аясында біздің металлург студенттерді сонда жіберетіндей келісімшарт жасадым. Сонымен қатар, аталмыш бағдарламаның аясында мында біздің студенттерге дәріс оқып, мастер класс беретіндей Ташкенттең техника ғылымдарының докторы, профессор, академик Тұрсынбай Рашидовты, Швецияның Лун университетінен Торлейф Бралгидті, Мәскеу Мемлекеттік құрылыс университетінен техника ғылымдарының докторы, профессор Еремин Константин Ивановичті, Кембридж университетінен математика-инженеринг ғылымының докторы, академик Кайрнкрос Александр Мессентті, Одессадан техника ғылымдарының докторы Менелюк Александр Ивановичті шақыртамыз деп жоспарлап, қазіргі кезде тығыз байланыс орнатудамыз.

- Оқу бітіргендердің жұмыспен қамтылуы қалай?

- Студенттеріміз сапалы, мықты білім алғандықтан, көптеген ірі фирмаларға жолдама алып, жұмысқа орналасып жатады. Өрине өздері іздейді жұмысты, бірақ көбінесе арнайы шақырулар келіп жатады. Бізде бітіргендер AutoCAD және Autodesk Architectural Desktop автоматикалық жобалау жүйелерімен, жобаның виртуалды үш-өлшемді модельді құрастыру үшін ArchiCAD, 3D MAX, COREL DRAW сияқты бағдарламалармен еркін жұмыс істейді. Қазір біздің балаларымыздың көбісі «ГосАртСтройконтроль», Павлодар облысының қала құрылысы және сәулет департаменті, Павлодар қаласының қала құрылысы және сәулет департаменті, «BI-Group», «КазТрансОйл» сияқты және тағы басқа құрылыс фирмаларда, ком-

панияларда жұмыс істеуде.

- Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз, айтар тілегіңіз бар ма?

- Біздің студенттеріміз құрылыс, сәулет бойынша республикалық деңгейде ең мықты болып саналады. Сәулет мамандығы Алматыда 50 жыл, Қарағандыда 45 жыл, Өскеменде 48 жыл бұрын ашылса, бізде небәрі 8 жыл бұрын, яғни 2004 жылы ғана ашылды. Осындай қысқа мерзімде республика бойынша танымал болу біз үшін үлкен жетістік. Оқытушыларымыз мықты, өз маманының кәсіби шеберлері. Шәкірттеріне сапалы білім беруде. Балаларымыз да дарынды, берген білімді тез іліп алады, керемет жобалар жасайды. Бірақ, сол жобаларды басып шығару бұрындары қиына соғатын. Түстің түрлілігі мен техниканың күрделілігіне байланысты қарапайым машина келмейтін. Студенттеріміз қайдан басып шығарарын білмей, бүкіл қаланы аралап, удай қымбат бағаға бастыратын. Осы орайда, университет ректоры бізді қолдап, жобаларға керекті инженерлік комплекс, арнайы бағдарламалар мен А-3 форматындағы ксерокспен қамтамасыз етеміз деп бізді қуантап жіберді. Сол үшін басшылығымызға деген алғысымыз шексіз. Көптен ойлап жүрген арамымыз болатын.

Сонымен қатар, біз «Студенттік конструкторлық бюро» ашамай деп жоспарлап жүрдік. Ойымыз басшылықтың ойымен сәйкес келіп, алдағы уақытта аталмыш орталық ашылатын болды. «Студенттік конструкторлық бюро» болатын болса, біздің балаларымызға келіп, өз ойларын, жаңа идеяларын талқыға салып, инновациялық жобаларын жасауға мүмкіндік болып, сонда дайындалып, түрлі халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысатындай шеберлігін ұштауға мүмкіндік болады.

Салтанат НЫСАНБЕКОВА.



Арын келіп, факультетті кеңейтіп, жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік берді. Сонда біз қосымша «сәулет», «дизайн» сынды мамандықтарды қостық. Сол себепті де сәулет-құрылыс факультеті деп атауын өзгертен болатынбыз.

- Факультетте қай маман түрлерін даярлайсыздар?

- «Құрылыс», «транспорттық құрылыс», құрылыс бағытындағы «стандарттау, метрология және сертификаттау», «құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру», «сәулет» пен «дизайн» сияқты мамандықтар бар. Былтыр «Бейнелеу өнері мен сызу» мамандығын аштық. Мектептерге бейнелеу өнері мен сызудан беретіндей даярлаймыз. Себебі, бізге келгенде балалардың сызулары нашарлау. Көбін білмейді. Сұраймыз себебін. Сонда сызудан беретін мұғалімдердің жоқтығының салдарынан деп жатады. Сызу пәнінен мұғалімді дайындайтын мамандықты ашу керек деп шештім. Қазір Елбасымыз да мектептерге көп көңіл бөліп жатыр. Біздің техникалық мамандықтарға да міндетті түрде сызбалар керек.

- Факультеттің бүгінгі күнге дейінгі жетістіктері?

- Біз студенттерімізбен мақтанамыз. Біздің студенттер мықты әрі өте дарын-



жылдары аралығында ең үздік көрсеткіштерді көрсеткеннен кейін, Түркия еліне халықаралық жарысқа жолдама алдық. 2009 жылы қараша айында Павлодар облысынан барған топ ең белсенді әрі дарындарға толы болып танылды. Құрылыс мамандығынан екі студент, сәулетші-дизайнерден бес студент қатысты. Сол жарыстан барлығы халықаралық стандарттағы мақтау қағаздарын, сертификаттарын алды. Артем Замаараев деген студентіміз III орынды жеңіп алды. Дүниежүзілік сәулет өнеріне еңбегі сіңген сәулетші комиссия





С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

2011-2012 ОҚУ ЖЫЛЫНА ДОКТОРАНТУРА PH.D ОҚУ ТҮРІНЕ БЮДЖЕТТІК ЖӘНЕ
АҚЫЛЫ КЕЛІСІМ-ШАРТ НЕГІЗІНДЕ КҮНДІЗГІ БӨЛІМГЕ ҚАБЫЛДАУДЫ ЖАРИЯЛАЙДЫ

6D010300	Педагогика және психология
6D050600	Экономика
6D060700	Биология
6D071800	Электрэнергетика

Құжаттарды қабылдау 2011 жылдың 1 шілдесінен 30 шілдесіне дейін.
Түсу емтихандары 2011 жылдың 1 тамыз бен 20 тамыз аралығында жүргізіледі.
Қабылдау- 2011 жылдың 31 тамызына дейін.
Мекен-жайы: Павлодар қ. Ломов к., 64 үй, 235 кабинет (2 қабат),
қатынас тел: 673-689 (ішкі 11-84).
Қазақ тілін жеделдетіп оқыту ҒПО жанында докторантураға түсушілер үшін шетел тілі бойынша курстар ұйымдастырылды. Курсқа жазылу 253 кабинетте жүргізіледі (Ломов к., 64).

2011-2012 ОҚУ ЖЫЛЫНА БЮДЖЕТТІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ-ШАРТ НЕГІЗІНДЕ КҮНДІЗГІ
ОҚУ ТҮРІНЕ ЖОҒАРЫ АРНАЙЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ КӘСІБИ БІЛІМІ БАЗА НЕГІЗІНДЕ
МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУДЫ ЖАРИЯЛАЙДЫ

6M010300- Педагогика және психология
6M011100- Информатика
6M011700- Қазақ тілі және әдебиеті
6M020100 - Философия
6M020300 - Тарих
6M020400 - Мәдениеттану
6M020500 - Филология (қазақша)
6M020500 - Филология (орысша)
6M020800 - Археология және этнология
6M050100 - Әлеуметтану
6M050200 - Саясаттану
6M050300 - Психология
6M050400 - Журналистика
6M050600 - Экономика
6M050700 - Менеджмент
6M050900- Қаржы
6M051100 - Маркетинг
6M060100 - Математика
6M060200 - Информатика
6M060400 - Физика
6M060600 – Химия
6M060700 - Биология
6M060800 - Экология
6M060900 - География
6M070200 - Автоматтандыру және басқару

6M070300 – Ақпараттық жүйелер
6M070900 - Металлургия
6M071200 - Машинажасау
6M071300 - Көлік, көліктік техникасы және технологиялар
6M071600 - Құралжабдықтарды жасау
6M071700 - Жылуэнергетика
6M071800 – Электр энергетика
6M072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
6M072100 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы
6M072400 - Технологиялық машиналар және жабдықтар
6M072700 - Азық-түлік тағамдары технологиясы
6M072900 - Құрылыс
6M073000-Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру
6M073100 - Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі
6M073200 - Стандарттау және сертификаттау
6M074500 – Көліктік құрылыс
6M075000 - Метрология
6M090200- Туризм
6M090500- Әлеуметтік жұмыс
6M091000 – Кітапхана ісі

Оқу мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі.
Құжаттарды қабылдау мерзімі 2011 жылдың 1 шілдеден 30 шілдеге дейін.
Мекен- жайы: Павлодар қ. Ломов к., 64 үй , 235 және 237 кабинет (2 қабат),
қатынас тел: 67-36-89.
Қазақ тілін жеделдетіп оқыту ҒПО жанында магистратураға түсушілер үшін шетел тілі бойынша курстар ұйымдастырылды. Курсқа жазылу 253 кабинетте жүргізіледі (Ломов к., 64).

С .ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КОЛЛЕДЖ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

№	шифр	Мамандықтың атауы	Мамандыққа бейімдейтін пән	
			9-сын. кейін	11-сын.кейін
1	0105013	Бастауыш білім беру	математика	математика
2	0101013	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	математика	математика
3	0501013	Әлеуметтік жұмыс	математика	математика
4	0512013	Аудармашы ісі (түрлері бойынша)	шет тілі	шет тілі
5	0402013	Дизайн (салалар бойынша)	екі шығармашылық емтихан	екі шығармашылық емтихан
6	0518033	Есеп және аудит (салалар бойынша)	математика	математика
7	0515013	Менеджмент (салалар және қолдану аясы бойынша)	математика	математика
8	0901043	Электростанциялардың электрожабдықтары, кіші станциялар және желілер (түрлері бойынша)	математика	математика
9	0902043	Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша)	математика	математика
10	1003193	Түсті металлдар металлургиясы	математика	химия
11	1201123	Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету	математика	математика
12	1304043	Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша)	математика	математика
13	1401213	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	математика	математика
14	0601013	Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)	математика	математика

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

140008 Павлодар қ., Толстой к., 99
